

Көкпекті аудандық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 3-5/5) "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінің Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 желтоқсандағы N 21-5/1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 қаңтарда N 3175 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы N 30-4/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 24.12.2014 N 30-4/2 шешімімен. РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2012 жылғы 16 қазандағы № 1316 қаулысына сәйкес Көкпекті аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 3-5/5) "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылдың 24 сәуірінде 5-15-105 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 28 сәуірдегі №34-35 аудандық "Жұлдыз" және "Новая жизнь" газетінде жарияланған) шешіміне өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінің Ережесінде:

2 тармақтың 4) тармақшасы, 10 тармақтың 9) тармақшасы, 3 тараудың 24 абзацы алынып.

2. 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін 1 тармағының 3 абзац жолын қоспағанда, осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Сессия төрағасы</i>	<i>Б. Бекбердинов</i>
<i>Аудандық мәслихат хатшысы</i>	<i>Р. Беспәев</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК